

Бағыты: Филология

Тақырыбы:Қазақ әдебиетіндегі фантастика жанрын оқыту

Алькенова Айым Асхатқызы  
Мамандығы, курсы: 0111000 «Негізгі орта білім», III  
Жетекшісі: Қасымданова Гаухар Қаржасқызы  
«М.О.Әуезов атындағы педагогикалық колледжі» КМҚК

2023 жыл

## **МАЗМҰНЫ**

**КІРІСПЕ**.....3

### **II. НЕГІЗГІ БӨЛІМ.**

• Қазақ әдебиетіндегі фантастика жанры.....8

• Мектеп оқулықтарына талдау.....9

• Қалай оқыту керек? Әдіс-тәсілдер.....10

**ҚОРЫТЫНДЫ**.....14

### **ӘДЕБИЕТТЕР**

**ТІЗІМІ**.....16

## КІРІСПЕ

**2.1.Фантастика** - ең ескі жанр. Қазақ әдебиетінде фантастика халық қиялынан туған хайуанаттар жайлы, қиял-ғажайып, тұрмыс-салт ертегілерінен бастау алады. Мысалы, «Ер Төстікте», «Керкұла атты Кендебайда», «Қырық өтірікте» фантастика жанрының негізгі элементтері кездеседі. Жазба әдебиетте фантастикалық оқиғалар Абай Құнанбайұлының «Масғұт», «Ескендір» дастандарында, С.Ерубаевтың «Келешек соғыс туралы» повесінде, М.Әуезовтың «Дос — Бедел дос» және «Елу жылдан соң» пьесаларында да бар. Қазақ кеңес әдебиетінде фантастика 1950 жылдан басталады. А.Машановтың «Жер астына саяхат» повесі (1957) республикада ғылыми-фантастикалық әдебиеттің тууына ұйтқы болды. М.Сәрсекеевтің «Ғажайып сәуле» (1959), «Көрінбестің көлеңкесі» (1960), Т.Сұлтанбековтың «Көшпелі алтын» (1964), «Лұхман Хакім» (1966), Ш.Әлімбаевтың «Данышпандық альфасы» (1967). Т.Шахановтың «Көгілдір мұнаралар» (1968), Т.Сүлейменовтің «Жұлдыз адамы» (1969), «Әл-Фараби көпірі» (1968), Ә.Мархабаевтың «Ғарыштағы қымыз» (1972) повестері қазақ фантастикасына елеулі үлес қосты. Соңғы кезде жарық көрген Т.Әбдіковтің «Айтылмаған ақиқат» (1980), М.Гумеровтың «Жұмбақсәуле» (1981), С.Ғаббасовтың «Кәусар» (1985), Н.Кенжеғұлованың «Қиын шешім» (1985), Р.Бектібаевтың «Ионосферадағы алаң» (1988) атты жинақтарында болашақ өзгерістер туралы болжамдар бейнеленеді.

Қазіргі қоғам - ақ пен қара, жақсылық пен жамандық қат-қабат келіп жатқан мейлінше күрделі қоғам. Ұлтаралық қақтығыс, діни алауыздық, жерасты байлығы үшін бақталастық, атомдық соғыс, адамдардың роботтанып бара жатуы, есті адамға осының бәрі - мұн, бәрі - мәселе. Мейлі кинода, мейлі әдебиетте, жұрт ықыласының фантастикаға ерекше ауып отырғандығын ескерсек, осы жанрды пайдалана отырып, жаңағыдай текетірестердің салдарын алдын ала тұспалдау арқылы жамандықтан жирендіру, ескерту мақсатында маңызды істер тындыру - әбден мүмкін нәрсе. Ол үшін тек фантастика жанрын жан-жақты дамытып, осы бағытта қалам тербейтін жазушыларды мейлінше ынталандыра түсу қажет. Фантастиканың берік іргетасы сонау замандағы ауыз әдебиетінде-ақ қаланған қазақтай талантты халықтың бүгінгі қаламгерлері. Біздің көркем әдебиетіміздің өзі фантастикадан басталған. Кешегі қиял-ғажайып ертегілеріміздің өзі - халқымыздың әлемді тануының бір формасы. Фантастиканың ең үлкен қасиеті - оның танымдылығында. Фантаст-жазушылар тарихи шындықты талдап, ғылымның негізінде жақсы шығарма беруге тырысады. Бұл жанрдың қиындығы да - осында. Дегенмен түп-тамыры тереңде жатқан қазақ фантастикасы ешқашан жоғалмайды, мүмкіндігінше дами береді. Онда да халқымыздың ұлттық құндылықтары негізінде дамуы керек. Яғни космополиттік ұғымдарға ұрынбай, қазақ тақырыбын көтеру арқылы елге интеллекттік білім беруі тиіс. Жалпы, фантастиканы екі топқа бөлуге болады. Біріншісі – ғылыми фантастика, екіншісі – таза қиялға құрылған фантастика. Біздің әлем әдебиетінде екеуіне де орын бар. Екеуінің де көрнекті-көрнекті

өкілдері қалыптасқан, Оның біразын өзің де атап кетіпсің. Тіпті кейінгі уақытта «фэнтези» деген қосымша жанр да дүниеге келді. Фэнтези – фантастика мен өмір шындығының синтезі, екеу де шығармада араласып жүре береді. Фантастикалық шығарма қиялыңды қайрайды, ойыңды ұшқырландырады, шабытыңа шабыт қосады. Көп жағдайда ғылыми фантастика жазатын қаламгер өз тақырыбын терең зерттеп алады, содан соң барып қиялға еркіндік береді. Демек, ғылыми негізі бар фантастикалық шығармадағы айтылған ой-деректер алдағы уақытта біздің өмірімізде орын алып жатса, еш таңғалмасақ керек. Ол, біріншіден, ғылыми негізі бар, түбі өмірімізден орын алуы мүмкін нәрсе екенін анық біліп жазғанынан, екіншіден, қаламгердің қиялының мейлінше жүйріктігінен. Былайша айтқанда – байқампаздығынан.

## **2.2. Қазақ әдебиетіндегі фантастика жанры.**

Қазақ әдебиетінде фантастикалық жанрға аса қатты көңіл бөлінбейді. Оған дәлел осы қазақ әдебиетіне өң берген фантаст-жазушы Жүніс Сахиевтің осы пікірін алуға болады. Қазақстанда ғылыми-фантастикалық романдар жазуды алғаш бастағандардың бірі - Жүніс Сахиев. Төл әдебиетте бұл жанрдың тұралап қалғанына жазушы қынжылыс білдірді. Тіпті арнайы ұйымдастырылған көрмеде аталмыш автордың ғана қазақ тіліндегі кітаптарын көруге болады. «Таралым аз, қолдау жоқ туындыларамыздың оқырмандарға жетпейтіні де содан» - дейді қаламгер. Оның үстіне фантастика жұлдызды әлеммен, ғарышқа барумен, өзге өркениет әлемінен ұшып келетіндермен шектеліп қалып жүр. Одан қалды қазіргі оқырман ондай қиял-ғажайыптарға сенуден қалып барады. Жүніс Сахиев, фантаст-жазушы: -Көп жазушылар атсалысты. Олар бір-екі әңгіме, екі-үш кітап шығарады да, жанрдың ауырлығын сезінгеннен кейін поэзия, проза саласына ауысып кетеді. Содан барып қатарымыз сиреп қалып жатыр.

Осы ойды тұжырымдай отыр, қазақ әдебиет саласын дамыту үшін екіге қарастырып көрейік;

Біріншіден, фантастикалық жанрын әдебиет көркем әдебиетке тән қасиетпен жазылу керек. Мұнда, ең алдымен көркем әдебиет туындыларына тән ерекшеліктері бойынша әдеби образ, кейіпкер, типтік характер болу шарт. Бұл үшін жазушы адам өмірін беріле зерттеп, ғылым-техниканың дамуына байланысты ғылыми фантастикалық шығармалардың өзіне бейнелеу мазмұны ететін негізгі объектісі болған жаратылыстың тылсым құпия сырын ашу, болашаққа батыл болжам жасау арқылы оқиға желісін құрау, сол арқылы әдеби шығармаға жататын қалыпқа салу, келешекте іске асатын немесе іске асу мүмкіншілігі болған болашақ дүниені суреттеген шынайы ғылыми фантастикалық туынды жаратуы керек.

Екіншіден, фантастика жанры әдебиетте ұшқыр қиял, батыл жорамал болу керек. Жазушы өмір шындығын жай ғана суреттей салмайды, қоғамдағы озық жетістіктерін өз қалпында көшіре салмай, қиял қанатын кеңге жайып, адамзат қоғамындағы, әлемдегі таңғажайып істер мен болуы мүмкін, болған істер жөнінде адамзаттың арман-тілегін бейнелейтін өрелі тың пікір жүргізу арқылы, оқырмандарын болашаққа үмітті көзбен қарайтын тамаша өмір картасын сызып, жаратылыстың құпия сырларын ашуға қарай жетелейді.

## **2.3. Мектеп оқулықтарына талдау.**

Қазақстандық оқу саласында, қазақ әдебиеті тарихында тұңғыш рет ғылыми фантастикалық жанр шығармалары қазақ орта мектептері оқулықтарына еніп отыр. Баспасөздерде 2018 жылы төрт бірдей баспадан: «Жазушы», «Мектеп», «Атамұра» және «Арман-пв» баспаларынан жарық көрген қазақ орта мектептерінің 8 сыныбына арналған «Қазақ әдебиеті» оқулығы мен хрестоматиясына қазақ ғылыми фантастика жанрының бастау алу және даму тарихы енді. Онда фантастиканың бет-пердесін 1957 жылы өзінің «Жер астына саяхат» ғылыми-фантастикалық әңгімелерімен ашқан ұлы ғалым, геолог, фарабитанушы Ақжан Жақсыбекұлы Машаниден бастап бүгінгі күнге дейінгі қаламгерлердің шығармалары мен жеткен жетістіктері толық қамтылған. Оқулықтарда қазақ фантастикасы жанрының оқытылуының методикалары берілген...

Бірақ қазіргі баспа «Атамұра», «Арман-пв» баспасында Жүніс Сахиевтің 8 сынып оқулығында «Айдағы жасырынбақ», «Дабыл» атты ғылыми-фантастика жанрына жазылған еңбектері енген болатын.

Қиялды 5 сыныпта ертегімен ұштастырсақ мысалға мектеп оқулықтарына берілген осы ертегілермен бастау алып ары қарай жалғасады. Олар қиялдан туған мына ертегілер:

Ер Төстік - қазақ батырлық ертегілерінің ішіндегі ежелгі үлгісі. Мазмұны мен сюжеттік құрылысының, кейіпкерлері мен іс-әрекетгердің сипатынан Ер Төстік ертегісі архаикалық мифтің, хикаяның, қиял-ғажайып ертегілердің қасиеттерін бойына молынан сіңірген. Ер Төстікте алғашқы қауым адамдарының ырымдары мен әдет-ғұрыптары да кездеседі. Мыс., Төстіктің жер астына түсіп, үстіне шығуы, оның Шойынқұлақпен айқасуы шамандық көзқарасқа тән түсінікті бейнелейді. Ер Төстікте классик. батырлық ертегіге тән белгілердің бәрі бар. Сайыста кейіпкердің өз күшімен емес, керемет достарының арқасында жеңуі - батырлықтан гөрі қиял-ғажайып ертегінің заңдылығы. Көркемдік жағынан Ер Төстік қиял-ғажайып ертегі мен батырлық жырдың элементтерін кең пайдаланған. Төстіктің көмекшілері де ескі діни сенімдер шеңберінде туып, кейін көркем бейнеге айналған. Мыс., Шалқұйрық - тек жүйрік ат қана емес, алдағыны болжай алатын қабілеті бар, неше түрлі сиқырды білетін, адамша сөйлеп, адамша іс-әрекет қылатын қасиетті жануар, Төстіктің көмекшісі, ақылшысы. Ал жер астында Төстікке дос болатын Желаяқ, Тау-соғар, Көлтаусар сияқты кейіпкерлер-мифтік танымның сипаты. Ертедегі адамдардың мифтік түсінігі бойынша, желдің, таудың, судың иелері болған. Кейінгі замандарда олар көркемдік сипаталып, достар осындай болса екен деген адам арманын жүзеге асырушы бейнелер ретінде қабылданған.

Керқұла атты Кендебай» ертегісінде халықтың арман-қиялы суреттеледі. Халық әркезде де қатігез, мейірімсіз жау күштерін жеңетін, елін, халқын сүйетін батырлардың көп болуын және Кендебай сияқты жанашыр, мейірімді батырлары болғанын армандайды. Мұндай ертегілер бала қиялын алысқа самғатып, ұлтын сүйеге, жақынына жанашыр болуға тәрбиелейді.

Келесі «Дабыл» әңгімесіне 6 сағат берілген тақырыптық жоспар бойынша мақсатқа сай жүргізіледі. Мақсатқа сай Оқушы әңгіменің идеясын, әңгіменің өңдеуі, ерекшесін, мыңызды эпизодын, астарлы ойын, әңгіменің тілін түсінеді.

Бұндағы басты идея оқушыларға ежелгі таңбаларды дәріптеу, өзінің мамандығына адалдығын көрсетеді. Шығарма кейіпкер арқылы көптеген оқиғалар жүзеге асырылады. Жасаған - Астанадан келген түрколог ғалым, Балайым-Жасағанның әйелі, Төлен-Жасағанның ағасы, Перузат-Төлenniң жұбайы, Қозыкен - Төлenniң құрдасы, Ұлдай - Қозыкеннің жұбайы

Туыстары: Әбен, әйелі Айгүл, Таңатар, әйелі Әсел Академик Балбек Еркуатұлы - белгілі жұлдызшы, ғалым. Жасағанан әңгіме арқылы ескерткіштерді, таңбаларды айшықтай көрсетеді мысалы: «Орхон-Енисей, Талас жазба ескерткіштерінде VI-VIII ғасыр тұсындағы түркі қағандары мен бектерінің, алып батырларының бастан кешкен ерлік жорықтары сөз етіледі. Ал біздің о бастан іздеп келе жатқанымыз жалпы түркі мәдениетіне ортақ осы асыл мұралар тілінің қоры қазақ тілінде қаншалықты сақталғанын анықтау болатын. Кейбір ғалымдар бұл жазуларды сырттан келген деп те қашыртты. Ал бүгінде біз оның халқымыздың төл жазба таңбасы болғанына көз жеткіздік»-дейді Жасаған. Тағы бір ерекшелігі ауыл тұрғындары Жасағанның тасқа қашалып жазылған таңбалар негізінде қазақтың төл алфавитін жасауды алдына мақсат етіп қойған ғалым. Осы ғылыми-фантастика жанры арқылы оқушы бойына тәрбиелік, қиялын дамыта жетелейді.

### 2.3. Қалай оқыту керек? Әдіс-тәсілдер.

Бірінші оқушы бойына фантастика жанрын қалай оқытумыз керек екенің ойлануымыз қажет. Ол үшін оқушыға фантастикалық жанрды түсіндіру арқылы сабақты қызықты әрі тезірек есте қалатындай және оқушының бойына қызығушылық сезімін ояту қажет. Оқушыны зеріктірмеу үшін мына әдіс-тәсілдер қолданған жөн:

- 1) «Кейс – стади» әдісі Нақты болған немесе ойдан шығарған жағдаятты талдау, болжау. Оқушылардың есте сақтау қабілеті сақталады. Мәселелерді шешуге, баламасын анықтауға, мақсаттарын айтуға, талдауға мүмкіндік береді.
- 2) «Серпілген сауал» әдісі Тақырыптың түсіну деңгейін арттыруға және талқылау дағдыларын дамытуға қол жеткізу үшін сыныптағы оқушылардың арасында сұрақтарды лақтырыңыз. Мысалы, “Самат Рахаттың жауабы туралы сен не ойлайсың?” “Самал, Айгүлдің жауабын барынша кеңейту үшін оны қалай дамытуға болады?” “Қанат, естігеннің барлығын бір жауапқа қалай біріктіруге болады?”
- 3) «Пирамида» әдісі Әңгіменің кейіпкерлерін табу, сол кейіпкерге мінездеме жазу.
- 4) «Бірге ойлаймыз» әдісі Бұл әдістің тиімділігі сыныптағы елеусіз оқушыны сабаққа таратуда қолданылады.
- 5) «Жұптас, ойлас, бөліс» әдісі Топтық білімді жинақтау ынтымақтаса жұмыс жасай отырып өз ойларын еркін, дәлді түрде жеткізе білуге ықпал ету. Әр оқушы алдымен өзі орындайды, көршісімен ақылдасады, топқа түсіндіреді.
- 6) «9 - ромб» әдісі Қатысушыларға айтарлықтай маңыздысын анықтап, талқылау үшін тізім беріледі.

Тізімнің әрбір тармағын үлкен ромбылы торға орналастыру қажет. Маңызды тармақтарды әдетте ромбының жоғарғы жағына, ал оншалықты маңызды еместерін төменгі бөлігіне орналастырады. Әр қатарда орналасқан тармақтардың маңызы бірдей. Кейбір топтар ең маңызды карточкаларын орталықта орналастыра алады (екі нұсқасы сәйкес келеді, себебі тапсырманың маңызды элементі топтағы талқылау үдерісі болып табылады). Ромбының нысаны топқа бірқатар басымдықтар мен перспективаларды қамтуға мүмкіндік береді.

- 7) «Джигсо» әдісі Элиот Аронсон бойынша Берілген тақырыпты топ ішінде талқылап, әр түрлі тәсілдермен топтық жұмыс жасау. Басқа топтарға өкілдерді жіберіп, өз жұмысы туралы топта талқылау, идеялармен бөлісу, ынтымақтастықты дамыту.
- 8) «Константинополь» әдісі Ойлау қабілетін дамыту, сөздік қорын молайт Оқушылардың ойлау қабілетін дамытады.Сөздік қорын арттырады.
- 9) «Галереяны шарлау» әдісі Саймон Браунхилл бойынша Талқыланған мәселе, дайындалған постер бойынша қорытынды жұмыс немесе өнімді ұсыну арқылы өз жұмысын ұсыну, идеяларын қорғау, ерекше идеялар ұсыну.
- 10) АКТ қолдану арқылы оқушыны ұшқыр ойлауға дамыту мысалы: Wordwall, Quizizz, quizlet, kahoot, padlet сайттарын қолдануымызға болды. Осы арқылы оқушы фантастика жанрын түсіне отыра, қызығушылығын оятады.

**Қортынды:** Қазақ әдебиетінде фантастика жанрын оқыта отыра оқушының қиял-ғажайып, ой өрісін тәрбиелік мәнін жан-жақты түсіндіре отыра оны оқыта отыра әрі қарай фантастика жанрын дамыта алуымыз керек. Біздің көркем әдебиетіміздің өзі фантастикадан басталған. Кешегі қиял-ғажайып ертегілеріміздің өзі - халқымыздың әлемді тануының бір формасы. Фантастиканың ең үлкен қасиеті - оның танымдылығында. Фантаст-жазушылар тарихи шындықты талдап, ғылымның негізінде жақсы шығарма беруге тырысады. Бұл жанрдың қиындығы да - осында. Дегенмен түп-тамыры тереңде жатқан қазақ фантастикасы ешқашан жоғалмайды, мүмкіндігінше дами береді. Онда да халқымыздың ұлттық құндылықтары негізінде дамуы керек.

## ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. <https://massaget.kz/layfstayl/debiet/kkzhiek/61781/>
2. <https://abai.kz/post/4365>
3. <https://aqiqat.kazgazeta.kz/news/11747>
4. [https://ust.kz/word/sabaqta\\_qoldanylatyn\\_50\\_adis\\_jinagy-2546.html](https://ust.kz/word/sabaqta_qoldanylatyn_50_adis_jinagy-2546.html)
5. [https://free.atamura.kz/?page\\_id=967&lang=kk](https://free.atamura.kz/?page_id=967&lang=kk)
6. <https://adebiportal.kz/kz/genres/view/123>

